

Мәдениет және спорт министрлігінің  
Спорт және дене шынықтыру  
істері Комитетінің төрағасы  
2023 жылғы «19» қаңтардағы 6 бұйрығына  
1-қосымша

## **Қазақстан Республикасының 4-ші қысқы жастар спорт ойындарының регламенті**

### **1 бөлім. Спорттық жарыстың атауы**

Қазақстан Республикасының 4-ші қысқы Жастар спорттық ойындары (бұдан әрі-Жастар ойындары) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 148 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті» ММ ережесінің 83-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 74 бұйрығымен бекітілген спорттық іс – шараларды өткізу Ережесіне сәйкес әзірленді.

### **2 бөлім. Мақсаттары мен міндеттері**

1. Қазақстан Республикасының Жастар ойындары мақсатында өткізіледі:
  - Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру;
  - бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын қарқынды дамыту;
  - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2021-2027 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру;
  - салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде дене шынықтыру мен спортты насихаттау;
  - Қазақстан Республикасы халқының күнделікті өміріне дене шынықтыру мен спортты кеңінен енгізу, меншік нысанына қарамастан оқу орындарының, мекемелер мен ұйымдардың ұжымдарында бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмысты жақсарту;
  - Қазақстан Республикасының жастар құрама командаларын жасақтау және халықаралық ресми жарыстарға, оның ішінде Канвондо қаласында (Оңтүстік Корея) 2024 жылғы қысқы Жасөспірімдер Олимпиадасына және Милан қаласында (Италия) 2026 жылғы Олимпиада ойындарына сапалы дайындық мақсатында қатысуға дайындық үшін қысқы спорт түрлері бойынша мықты спортшыларды анықтау;

### 3 бөлім. Спорттық жарыстың өткізілу орны мен уақыты

Осы Ережеге енгізілген спорт түрлері бойынша Жастар ойындарының жарыстары шайбалы хоккей мен керлингті қоспағанда, Қазақстан Республикасының чемпионаты шеңберінде өткізіледі.

Жастар ойындарының салтанатты ашылуы 2023 жылғы 23 ақпанда сағат 14.00-де Павлодар қаласында өтеді.

Жастар ойындарының салтанатты жабылуы 2023 жылғы 8 сәуірде сағат 14.00-де Астана қаласында өтеді.

Жастар ойындарының ресми рәсімдерін өткізу кезеңінде (салтанатты ашылу және жабылу, марапаттау) әр команданың алдында команданың атымен белгі қойылады.

Салтанатты рәсімге қатысушылар бірыңғай спорттық салтанатты нысанда шығуы тиіс, онда ел өңірінің жазуы, мемлекеттік рәміздер және өңірдің эмблемасы бар.

Жастар ойындары бағдарламасында спорт түрі бойынша финалдық жарыстар облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан кемінде 5 (бес) команда қатысқан жағдайда өткізіледі.

№ п/н	Спорт түрлері	Өткізу мерзімі	Өткізу орны
1	Биатлон	13-20 наурыз	Ақмола облысы Щучинск қ.
2	Керлинг	1-12 ақпан	Қазақстандық керлинг орталығы Алматы қ.
3	Конькимен жүгіру спорты	13-17 наурыз	«Алау» МС Астана қ.
4	Шаңғы жарыстары	5-13 наурыз	Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы
5	Шаңғымен тұрғырдан секіру	31 қаңтар -7 ақпан	«Сұңқар» ХШТК, Алматы қ
6	Конькимен мәнерлеп сырғанау	7-11 наурыз	«Алау» МС Астана қ.
7	Фристайл (акробатика)	28-31 наурыз	«Шымбұлақ» ТШК, Алматы қ.
8	Фристайл (могул)	28-31 наурыз	«Шымбұлақ» ТШК, Алматы қ.
9	Шайбалы хоккей (ұлдар)	22 ақпан - 2 наурыз	Павлодар қ.
10	Шайбалы хоккей (қыздар)	13-19 ақпан	Павлодар қ.
11	Шорт-трек	4-8 сәуір	Астана қ.

#### **4 бөлім. Спорттық жарысты өткізу жүйесі**

Жастар ойындарын дайындау және өткізу бойынша жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті (Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері Комитеті төрағасының бұйрығына 2, 3-қосымша) және аумағында спорт түрлері бойынша жарыстар өткізілетін облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Жастар ойындары бағдарламасының жарыстарын өткізетін облыстың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарын дайындау және ресімдеу, тамақтану және тұру пункттерін ұйымдастыру, жарыстарды өткізу кезеңіне медициналық, көліктік қызмет көрсетуді және қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды көтереді.

Жастар ойындарының салтанатты ашылу рәсімін Павлодар облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы есебінен өткізу.

Жастар ойындарының спорт түрлері бойынша жарыстар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығымен бекітілген дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес өткізіледі.

#### **5 бөлім. Қатысушы ұйымдар**

Жастар ойындарының финалдық жарыстарына облыстардың финалдық жарыстарына облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың құрама командалары қатысады.

Құрама командалардың құрамына 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы аумақта кемінде бір жыл тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының резидент – спортшылары қатыса алады.

Республикалық спорт колледждерінің, спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаттардың, республикалық олимпиадалық даярлау орталықтарының, республикалық жоғары спорт шеберлігі мектептерінің тәрбиеленушілері спорттық жетілдіру үшін келген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың командаларының құрамына қатысады.

Жарысқа келгеннен кейін қатысушының өзімен бірге жеке куәлігі, елді мекенде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын мәліметтері e.gov.kz болуы тиіс және сақтандыру полисі.

Спортшылардың өңірлерге тиесілігі бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда ұсынылған құжаттар негізінде Мандаттық комиссия шешеді (Мәдениет және спорт Министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері Комитеті төрағасының бұйрығына 4-қосымша).

Мандаттық комиссиядан өту кезінде тұрғылықты жерін ауыстырған қатысушы спортшының бір спорт ұйымынан екіншісіне ауысуы жүзеге

асырылатын құжаттарды (трансферттің рұқсаттары және түрлері бойынша федерациялармен келісу) және елді мекенде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын мәліметтерді e.gov.kz арқылы ұсынуы тиіс.

### **6 бөлім. Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және басқа да қатысушылардың сандық құрамы**

№ р/с	Спорт түрлері	Қатысушылар		Жаттықтырушылар	Төрешілер	Дәрігерлер	Өкілдері	Барлығы
		Ер	Қыз					
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Биатлон	10	10	5	2	-	1	28
2.	Керлинг	8	8	2	4	2	2	44
	аралас жұптар	2	2	1	2	-		
	аралас команды	4	4	1	2	-		
3.	Конькимен жүгіру спорты	6	6	2	1	-	1	16
4.	Шаңғы жарыстары	13	13	5	2	-	1	34
5.	Конькимен мәнерлеп сырғанау	8	8	2	2	-	1	21
6.	Фристайл (акробатика)	10	10	3	2	1	1	27
7.	Фристайл (могул)	16	8	5	3	1	1	34
8.	Шайбалы хоккей (ұлдар)	22	-	3	2	1	-	28
9.	Шайбалы хоккей (қыздар)	-	22	3	2	1	-	28
10.	Шорт-трек	5	5	2	1	-	1	14
11.	Шаңғымен тұғырдан секіру	6	6	1	1	1	1	16

### **7 бөлім. Спортшылардың жынысы мен туған жылы**

Жастар ойындары бағдарламасындағы жарыстарға спорт түрлері бойынша жарыстар бағдарламасында көрсетілген спортшылар жіберіледі (Регламентке 1-қосымша).

### **8 бөлім. Нәтижелер бағалау жүйесі**

Жастар ойындарының финалдық жарыстарында өнер көрсету қорытындылары Жастар ойындарының бағдарламасында көзделген спорт түрлері бойынша құрама командалардың қатысушылары жеңіп алған ең көп ұпай сомасы бойынша айқындалады.

Екі немесе одан да көп командалардың ұпайлары тең болған жағдайда, Жастар ойындарының жалпы есебінде бірінші, екінші және кейінгі орындардың саны көп команда артықшылыққа ие болады.

Жалпы командалық есепте өңір құрама командасының спортшылары спорт түрінде алған барлық ұпайлар беріледі.

Командалық жарыстарда ұпайлар әр тәртіп үшін бөлек беріледі (шайбалы хоккей ұлдар арасында және шайбалы хоккей қыздар арасында, керлинг ұлдар арасында, керлинг қыздар арасында, керлинг аралас командалар арасында, керлинг аралас жұптар арасында).

### Ұпайлар есептеу кестесі

#### Спорт түріндегі жеке жарыстар

Орын	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
Ұпай	36	32	28	26	24	22	20	18	16	14	12	10	8	6	4	2	1

#### Командалық жарыстар (шайбалы хоккей ұлдар, қыздар, керлинг ұлдар, қыздар, аралар командалар, аралас жұптар)

Орын	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
Ұпай	72	64	56	52	36	33	30	27	24	21	18	15	12	9	6	3	1,5

Егер финалдық жарыстарда жекелеген спорт түрлері бойынша 5-тен аз команда мәлімделсе, Ұйымдастыру комитеті осы спорт түрі бойынша жарыстарды жою туралы шешім қабылдайды.

### 9 бөлім. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету

Спорт жарыстарын өткізу кезінде спортшылар мен жаттықтырушыларға медициналық қамтамасыз ету және медициналық көмек көрсету Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 361 бұйрығымен бекітілген спортшылардың қарқынды дене жүктемелерінен, аурулары мен жарақаттарынан кейін қалпына келтіру іс-шаралары кезеңінде спорттық іс-шараларды өткізу кезінде спортшылар мен жаттықтырушыларға медициналық қамтамасыз ету және медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

### 10. Допингке қарсы қамтамасыз ету

Барлық спортшылар ДДҚА (Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік) допингке қарсы Кодексінің ережелерін және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 18 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының допингке қарсы ережелерін сақтауға тиіс.

Спортшылар ДДҚА допингке қарсы Кодексін, Қазақстан Республикасының допингке қарсы ережелерін бұзған жағдайда, спортшының допингке тест тапсырудан бас тартуы немесе келмеуі оларға ДДҚА допингке

қарсы Кодексінің және ҚР допингке қарсы ережелерінің нормаларына сәйкес санкциялар қолданылатын болады, ал жарыс нәтижелері жойылады.

## 11 бөлім. Төрешілер алқасының сандық құрамы

Жастар ойындары бағдарламасында жарыстарды өткізуге тікелей басшылықты бас төрешілер алқасы және спорт түрлері бойынша төрешілер алқалары жүзеге асырады (Мәдениет және спорт Министрлігі спорт және дене шынықтыру істері Комитеті төрағасының бұйрығына 5-қосымша).

## 12. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі

Жастар ойындарына қатысуға өтінімдерді дене шынықтыру және спорт саласындағы облыстық уәкілетті органдар және Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы Мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері Комитетіне және Мәдениет және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері Комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК электрондық мекенжайларына: **zh.ischanova@msm.gov.kz**, **dshnk@mail.ru** келесі мерзімдерде жібереді:

- спорт түрлерін, спортшылар мен ресми тұлғалардың санын көрсете отырып, алдын ала өтінім - 2023 жылғы 20 қаңтардан кешіктірілмей 1-қосымшаға сәйкес;

- спорт түрлерін, спортшылар мен ресми тұлғалардың санын көрсете отырып, сандық өтінім - 2023 жылғы 30 қаңтардан кешіктірілмей 2-қосымшаға сәйкес;

- делегацияның келу/кету күні туралы ресми хабарлама-жарыс басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей 3-қосымшаға сәйкес.

Келгеннен кейін Жастар ойындарына қатысушылар Мандаттық комиссияның отырысына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) әрбір спорт түрі бойынша делегацияның толық құрамына атаулы өтінім (дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің дәрігері және өңірлік дене шынықтыру және спорт басқармасы куәландырған) Регламенттің 5-қосымшаға сәйкес;

2) жеке куәлік немесе туу туралы куәлік;

3) елді мекенде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын мәліметтер e.gov.kz арқылы;

4) сақтандыру полисі.

Жарыс барысы туралы қайта өтінім беру спорт түрлері бойынша жарыс қағидаларына сәйкес командалар құрамындағы жарыстарға мандаттық комиссия мәлімдеген және жіберген қатысушылар есебінен рұқсат етіледі.

### **13 бөлім. Қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары**

Жарысқа қатысушылардың өткізілетін орнына және кері қайтауына жол жүру, бірыңғай спорттық құрал-жабдықтармен, жолда тәуліктік қамтамасыз етілуі, жарыс күндерінде тамақтануға ақы төлеу, облыстардың спорт делегацияларының құрамында қатысушыларды, жаттықтырушыларды, төрешілерді және қызмет көрсетуші персоналды орналастыру жөніндегі шығыстарды іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері Комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК спорт ғимараттарын жалға алуды, төрешілер алқасының еңбегіне ақы төлеуді, бейнеролик дайындауды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттауды (марапаттау медальдары, естелік медальдар, командалық кубоктар, дипломдар, дипломдар жақтауда) баспа өнімдерін (баннерлер, логотипі бар пакеттер, логотипі бар блокнот, логотипі бар қаламдар, бағдарлама, шақыру қағаздары) дайындауды қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының штаттық ұлттық құрамасының құрамына қабылданғандар жаттықтырушылар мен команда басшыларының іссапар шығындары.

### **14 бөлім. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі**

Барлық қысқы спорт түрлері бойынша жарыстар жеке-командалық болып табылады.

Жалпы командалық есепте 1-2-3 орын алған командалар тиісті дәрежедегі дипломдармен және естелік медальдармен, Кубоктармен марапатталады.

Спорт түрлері бойынша Жастар ойындарының жеке біріншілігінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері, жеңімпаздар мен жүлдегерлер командаларының қатысушылары тиісті дәрежелі Комитеттің медальдарымен және дипломдарымен марапатталады.

### **15. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау**

Жарыстарды өткізуге немесе олардың нәтижелеріне қатысты наразылықтарды спорт түрі бойынша жарыстардың бас төрешісіне команда өкілі нәтижелер жарияланған сәттен бастап 1 сағат ішінде жазбаша түрде береді.

Мәлімделген қатысушыға қарсы наразылықтар жарыс басталғанға дейін спорт түрінен жарыстың бас төрешісіне жазбаша түрде берілуі керек.

Наразылық туралы шешімді мандаттық комиссияның төрағасы, спорт түрі бойынша жарыстардың бас төрешісі және спорт түрі бойынша бас хатшы қорытынды нәтижелер түпкілікті бекітілгінге дейін апелляциялық тәртіппен қабылдауға тиіс.

Бас төрешілер алқасы команда басшыларының осы Ережеде белгіленген жас және (немесе) сандық шектеулерді бұзу мәселелері бойынша, спортшылардың аумақтық тиесілігі және жарыстарды ұйымдастыру мен өткізудің жалпы тәртібіне жататын басқа да жағдайлар бойынша апелляцияларын ғана қарайды.

Бас төрешілер алқасының шешімі түпкілікті болып табылады.

Наразылық қанағаттандырылған жағдайда осы Ережені бұзған спортшы дисквалификацияланады, оның нәтижелері жойылады.

Жарыс аяқталғаннан кейін бір сағаттан кейін берілген наразылықтар және спорт түрі бойынша бас төрешілер алқасының нәтижелері бекітілгеннен кейін қаралмайды.

### **16 бөлім. Спорттық жарыстарға қатысушылар мен төрешілердің келу және қайту күндері**

Спорт түрлері бойынша жарыстар бағдарламасына сәйкес спорттық жарыстарға қатысушылар мен төрешілердің келу күні және кету күні (Регламентке 1-қосымша).



## Спорт түрлері бойынша жарыстар бағдарламасы

### 1. Биатлон

Өткізу мерзімі: 2023 жылғы 13-20 наурыз.

Өткізу орны: Ақмола облысы, Щучинск қаласы.

Команда құрамы: 28 адам оның ішінде: 20 спортшы (10 жеткіншектер (ерлер, қыздар), 10 жасөспірімдер (жасөспірім қыздар), 5 жаттықтырушы, 2 төреші, 1 өкіл.

Жарыс екі жас тобында өткізіледі: 2001-2003 жылы туған жеткіншектер (ерлер, қыздар), және 2004-2008 ж.т. жасөспірімдер, жасөспірім қыздар (командалық, 5 қатысушы есепке 4).

Жарыс бағдарламасы:

13 наурыз – келу күні;

14 наурыз – ресми жаттығу;

15 наурыз – спринт;

16 наурыз – жеке жарысы;

17 наурыз – ресми жаттығу;

18 наурыз – эстафета (2x2, 1x1);

19 наурыз – қудалау жарысы;

20 наурыз – кету күні.

### 2. Керлинг

Өткізу мерзімі: 2023 жылғы 1–12 ақпан.

Өткізу орны: Қазақстандық керлинг орталығы, Алматы.

Команда құрамы: 44 адам, оның ішінде:

Керлинг, қыздар – 8 адам, 1 жаттықтырушы, 2 төреші, 1 дәрігер, 1 өкіл;

Керлинг, ұлдар – 8 адам, 1 жаттықтырушы, 2 төреші, 1 дәрігер, 1 өкіл;

Керлинг, аралас жұптар – 2 жасөспірім, 2 жасөспірім қыздар, 1 жаттықтырушы, 2 төреші;

Керлинг, аралас командалар – 4 жасөспірім, 4 жасөспірім қыздар, 1 жаттықтырушы, 2 төреші.

Жарыстарға рұқсат беру шарттары: өтінімдерге сәйкес және осы Ережеге сәйкес. Жасөспірімдер мен жасөспірім қыздар командаларының мүшелерінің аралас жұптар мен аралас командалар жарыстарына қатысуына жол беріледі. Қатысушылардың жасы 28 жасқа дейін. Спортшылардың төрешілер бригадаларының құрамына қатысуына рұқсат етіледі.

### Жарыс бағдарламасы:

- 1 ақпан – келу күні, алдын ала ойындар;
- 2-3 ақпан – ресми жаттығулар, шеберлік сыныптары, оқыту семинарлары, мандаттық комиссия мен төрешілер алқасының отырыстары, алдын ала ойындар;
- 4-12 ақпан – ҚР 4 Жастар ойындарының жарысы;
- 12 ақпан – кету күні.

### 3. Конькимен жүгіру спорты

Өткізу мерзімі: 2023 жылғы 13-17 наурыз.

Өткізу орны: «Алау» мұз сарайы, Астана қаласы.

Команда құрамы: 16 адам оның ішінде: 6 жеткіншектер (ерлер), 6 жеткіншектер қыздар, 2 жаттықтырушы, 1 төреші, 1 команда өкілі.

2003 (II) – 2008 (I) туған жылы жеткіншектер ерлер, қыздар жарысқа рұқсат етіледі. Спорттық даярлық бойынша 1 спорттық разрядтан төмен емес.

### Жарыс бағдарламасы:

13 наурыз – ресми жаттығу, төрешілер алқасы мен мандаттық комиссиясының отырысы;

- 14 наурыз – 500 м (жеткіншектер қыздар);
- 3000 м (жеткіншектер қыздар);
- Командалық спринт (жеткіншектер қыздар);
- 500 м (жеткіншектер ерлер);
- 5000 м (жеткіншіктер ерлер);
- командалық спринт (жеткіншектер ерлер);

- 15 наурыз – 1000 м (жеткіншектер қыздар);
- командалық жарыс (жеткіншектер қыздар);
- 1000 м (жеткіншектер ерлер);
- Командалық жарыс (жеткіншектер ерлер);

- 16 наурыз – 1500 м (жеткіншектер қыздар);
- масстарт (жеткіншектер қыздар);
- 1500 м (жеткіншектер ерлер);
- масстарт (жеткіншектер);

17 наурыз – кету күні.

### 4. Шаңғы жарыстары

Өткізу мерзімі: 2023 жылғы 5-10 наурыз.

Өткізу орны: Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы.

Команда құрамы: 34 адам, оның ішінде: 13 ер адам, 13 әйел, 5 жаттықтырушы, 2 төреші, 1 команда өкілі.

Жарыстарға қол жеткізу шарттары: жеткіншектер мен жастарға рұқсат етіледі.

Жарыс бағдарламасы:

- 5 наурыз – келу күні, ресми жаттығу, жарыстың ашылуы;
- 6 наурыз – жеке спринт (еркін стиль);
- 7 наурыз – аралас эстафета, эстафета;
- 8 наурыз – ресми жаттығу;
- 9 наурыз – командалық спринт (классикалық стиль);
- 10 наурыз – жеке жарысы (классикалық стиль);
- 11 наурыз – ресми жаттығу;
- 12 наурыз – жаппай бастау (еркін стиль);
- 13 наурыз – кету күні.

## 5. Шаңғымен тұғырдан секіру

Өтетін мерзім: 2023 жылғы 31 қаңтар – 7 ақпан.

Өтетін орны: «Сұңқар» ХШТК, Алматы қаласы.

Жарысқа ҚР облыстары мен қалаларының құрама командалары мынадай құрамда жіберіледі: әр жас тобында 6 спортшы; әр жас тобында 1 жаттықтырушы; 1 команда өкілі; бүкіл командаға 1 дәрігер.

Жарысқа қатысушылардың жасы:

- 1 топ – 2003-2004 ж. т. (К-95);
- 2 топ – 2005-2006 ж. т. (К-95);
- 3 топ – 2007-2008 ж. т. (К-60);
- 4 топ – 2009-2010 ж. т. (К-40);
- 5 топ – 2011 ж.т. (К-20).

Жарыс бағдарламасы:

- 31 қаңтар – Қатысушылардың спорттық командаларының жарысқа ресми келу күні.  
Мандаттық комиссия мен команда өкілдерінің отырысы.  
К-60М, К-40М, К-20м тұғырдағы бақылау жаттығулары.  
Төрешілер алқасының кеңесі.
- 1 ақпан – К-60М, К-40М, К-20м тұғырдағы бақылау жаттығулары.  
Төрешілер алқасының кеңесі.
- 2 ақпан – Жарыстың ашылу салтанаты.  
К-20 м шаңғымен тұғырдан секіру (2011ж.т. жас тобы).  
Жарыстың бірінші күнін қорытындылау.
- 3 ақпан – К-40 м шаңғымен тұғырдан секіру (жас тобы 2009-2010ж.т.).  
Жарыстың екінші күнін қорытындылау.
- 4 ақпан – К-60 м шаңғымен тұғырдан секіру (жас тобы 2007-2008ж.т.).

- Жарыстың үшінші күнін қорытындылау.
- 5 ақпан – К-95 м шаңғымен тұғырдан секіру (жас тобы 2003-2004, 2005-2006ж.т.).
- 6 ақпан – К-95 м, К-60м – командалық (MIX 2+2) .  
Жарысты өткізу қорытындысын шығару.
- 7 ақпан – Жарысқа қатысушы командалардың ресми кету күні.

## 6. Конькимен мәнерлеп сырғанау

Өткізу мерзімі: 2023 жылғы 7-11 наурыз.

Өткізу орны: «Алау» мұз сарайы, Астана қаласы

Команда құрамы: 21 адам, оның ішінде: 16 спортшы (*әр разрядта 2 ұл + 2 қыз*), 2 жаттықтырушы, 2 төреші, 1 команда өкілі.

Жарыс қаладан немесе облыстан 2 спорттық, 1 спорттық разрядты, СШҮ және СШ бағдарламасы бойынша өткізіледі

2 спорттық разряд: 2011 ж. т. және одан кіші ұлдар мен қыздар;

1 спорттық разряд: 10 жастан кіші емес ұлдар мен қыздар – 14 жастан жоғары емес;

СШҮ: 11 жастан кіші емес жасөспірімдер мен жасөспірім қыздар – 18 жастан аспайды;

СШ: ерлер мен әйелдер, кем дегенде 14 жаста.

Жарыс келесі тәртіптер бойынша өткізіледі:

Тәртіп	Сипаттама
Жалғыз сырғанау, СШ (ер.)	Қысқа, еркін бағдарлама
Жалғыз сырғанау, СШ (әйел)	Қысқа, еркін бағдарлама
Жалғыз сырғанау, СШҮ (жасөспірімдер)	Қысқа, еркін бағдарлама
Жалғыз сырғанау, СШҮ (қыздар)	Қысқа, еркін бағдарлама
Жалғыз сырғанау, 1 спорттық разряд (ұлдар)	Қысқа, еркін бағдарлама
Жалғыз сырғанау, 1 спорттық разряд (қыздар)	Қысқа, еркін бағдарлама
Одиночное катание, 2 спорттық разряд (ұлдар)	Еркін бағдарлама
Жалғыз сырғанау, 2 спорттық разряд (қыздар)	Еркін бағдарлама

Жарыс бағдарламасы:

7 наурыз - келу күні, ресми жаттығулар, мандаттық комиссия, қатысушылардың жеребесі.

- 8 наурыз - еркін бағдарлама 2 спорттық разрядты ұлдар мен қыздар;  
 Қысқа бағдарлама 1 спорттық разрядты қыздар мен ұлдар;  
 Қысқа бағдарлама СШҮ жасөспірімдер
- 9 наурыз - еркін бағдарламасы 1 спорттық разрядты ұлдар мен қыздар;  
 Қысқа бағдарлама СШҮ қыздар;  
 Қысқа бағдарлама СШ әйелдер және ерлер;
- 10 наурыз – Еркін бағдарлама СШҮ жасөспірімдер (1-24 орын);  
 Еркін бағдарлама СШҮ жасөспірім қыздар (1-24 орын);  
 Еркін бағдарлама СШ әйелдер және ерлер (1-24 орын);  
 Марапаттау рәсімі
- 11 наурыз – кету күні.

### 7. Фристайл (шаңғы акробатикасы)

Өтетін мерзімі: 2023 жылғы 28-31 наурыз.

Өтетін орны: «Шымбұлақ» ТШК, Алматы қаласы.

Команда құрамасы: 27 адам оның ішінде: 10 ер адам, 10 әйел, 3 жаттықтырушы, 1 дәрігер, 2 төреші, 1 команда өкілі.

Жарысқа 10 жастан 21 жасқа дейінгі жасөспірімдер, юниорлар және жастар (1 топ – 2009-2013 жылы туған, 2 топ – 2002-2008 жылы туған) жіберіледі.

Жарыс бағдарламасы:

- |       |   |   |
|-------|---|---|
| 1 күн | – | келу күні, мандаттық комиссияның отырысы, жарыстардың жеребесі;             |
| 2 күн | – | ресми дайындық, біліктілік, жеке жарыстардың финалы, марапаттау;            |
| 3 күн | – | командалық жарыстың ресми жаттығуы, командалық жарыстың финалы, марапаттау; |
| 4 күн | – | кету күні.  |

### 8. Фристайл (могул)

Өтетін мерзімі: 2023 жылғы 28-31 наурыз.

Өтетін орны: «Шымбұлақ» ТШК, Алматы қаласы.

Команда құрамы: 34 адам, оның ішінде: 16 ер адам, 8 әйел, 5 жаттықтырушы, 1 дәрігер, 3 төреші, 1 команда өкілі.

Жарысқа 2003-2013 ж.т.: 1 топ – 2013-2010 ж.т.; 2 топ – 2009-2007 ж.т.; 3 топ – 2006-2003 ж.т. спортшылар жіберіледі.

Жарыс бағдарламасы:

28 наурыз – келу күні, мандаттық комиссияның отырысы;

- 29 наурыз – ресми жаттығу;  
 30 наурыз – біліктілік, біліктілік, финалдық жарыстар, жарыстың қорытындысын шығару, марапаттау (могул);  
 31 наурыз – біліктілік, финалдық жарыстар, жарыстардың қорытындысын шығару, марапаттау (қосқабат могул).

### **9. Қыздар арасында шайбалы хоккей**

- Өтетін мерзімі: 2023 жылғы 13-19 ақпан.  
 Өтетін орны: Павлодар облысы, Павлодар қаласы.  
 Команда құрамы: 28 адам оның ішінде: 22 қыздар, 3 жаттықтырушы, 1 дәрігер, 2 төреші.  
 Жарысқа 2003-2009 ж. т. қыздар жіберіледі.

Жарыс бағдарламасы:

- 13 ақпан – келу күні, мандаттық комиссия мен төрешілер алқасының отырысы;  
 14–18 ақпан - дөңгелек жүйе бойынша ойындар;  
 19 ақпан – кету күні.

### **10. Жасөспірімдер арасында шайбалы хоккей**

- Өтетін мерзімі: 2023 жылғы 22 ақпан - 2 наурыз.  
 Өтетін орны: Павлодар облысы, Павлодар қаласы.  
 Команда құрамы: 28 адам, оның ішінде 22 жасөспірім, 3 жаттықтырушы, 1 дәрігер, 2 төреші.  
 Жарысқа 2004-2006 ж.т. жасөспірімдер жіберіледі.

Жарыс бағдарламасы:

- 22 ақпан – келу күні, мандаттық комиссия мен төрешілер алқасының отырысы;  
 23 ақпан – 1 наурыз– алдын ала және соңғы ойындар;  
 2 наурыз– кету күні.

### **11. Шорт–трек**

- Өтетін мерзімі: 2023 жылғы 4-8 сәуір.  
 Өтетін орны: Астана қаласы.  
 Команда құрамы: 13 адам оның ішінде: 10 спортшы (5 жасөспірім , 5 жасөспірім қыздар), 2 жаттықтырушы, 1 төреші.

Жарысқа үлкен және орта жастағы жасөспірімдер мен қыздар жіберіледі.  
Қатысушылардың жасы ағымдағы маусымның 1 шілдесіндегі жағдай бойынша анықталады.

Әр жас тобындағы 3 спортшының үздік нәтижелері үшін ұпай есептеледі.

4,5 спортшының орны сақталады, ұпайлар сақталмайды.

Эстафетаға өңірдің тек 1 командасы қатысады.

#### Жарыс бағдарламасы:

4 сәуір – келу күні, мандаттық комиссия және төрешілер алқасының отырысы, ресми жаттығулар;

5 сәуір – 1500 м; эстафета 2000 м (алдын ала жүгірістері); аралас эстафета 2000 м (алдын ала жүгірістері);

6 сәуір – 500 м; эстафета; аралас эстафета (финал);

7 сәуір– 1000 м; суперфинал 1500 м;

8 сәуір– кету күні.

## АЛДЫН АЛА ӨТІНІМ

делегациялар \_\_\_\_\_ облыстан/қаласынан

№ п/п	Спорт түрі	Қатысушылар саны						
		Спортшылар			Жаттықты рушылар	төрешіл ер	Басшыла р	Барлығы
		Ұлдар	Қыздар	Барлығы				
1.								
2.								
3.								
4.								
5.								
6.								
7.								
8.								
9.								
10.								
11.								
Барлығы:								

Делегацияның ресми басшысы \_\_\_\_\_

Телефон, факс \_\_\_\_\_ электрондық пошта \_\_\_\_\_

Дене шынықтыру және спорт басқармасы органының басшысы \_\_\_\_\_

Осы өтінім Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне және «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК 2023 жылғы 20 қаңтардан кешіктірілмей жіберілуге тиіс.



## САНДЫҚ ӨТІНІМ

делегациялар \_\_\_\_\_ облыстан/қаласынан

№ п/п	Спорт түрлері	Қатысушылар саны						
		Спортшылар			Жаттықты рушылар	Төреші лер	Басшыла р	Барлы ғы
		Ұлдар	Қыздар	Барлығы				
1.								
2.								
3.								
4.								
5.								
6.								
7.								
8.								
9.								
10.								
11.								
12.								
13.								
Барлығы:								

Делегацияның ресми басшысы \_\_\_\_\_

Телефон, факс \_\_\_\_\_ электрондық пошта \_\_\_\_\_

Дене шынықтыру және спорт басқармасы органының басшысы \_\_\_\_\_

Осы өтінім Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне және және «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК 2023 жылғы 30 қаңтардан кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

*Регламентіне 4-қосымша*

**РЕСМИ ХАБАРЛАМА**  
келу/кету күні туралы

спорттық делегация \_\_\_\_\_ облыстан/қаласынан

№	Спорт түрі	Делегациялардың Саны	Келу	Кету
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				

Делегацияның ресми өкілі \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

«Келу» және «Кету» бағандарында рейстің, пойыздың нөмірін және келу және кету күндерін көрсету қажет.

Осы өтінім Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне және «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК осы спорт түрі бойынша жарыстар басталғанға дейін 7 күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

## АТАУЛЫ ӨТІНІМ

Спорттық делегация \_\_\_\_\_  
(облысы, қаласы)

\_\_\_\_\_ (спорт түрі)

№ п/п	Тегі, Аты, Әжесінің аты (бар болса)	Туған күні	Спорттық разряд	Жаттықты рушы	Бағдарлам а нөмірі	Дәрігердің қолы және мөрі
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						

Делегацияның ресми өкілі \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

Осы өтінімде көрсетілген \_\_\_\_\_  
спортшылардың денсаулық жағдайы бойынша жарыстарға қатысуға жіберілді

Медициналық мекеменің бас дәрігері \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.) мед.мекемесінің мөрі

Осы өтінім мандаттық комиссияның отырысына ұсынылуы тиіс